

«Мемлекеттік аннуитеттік
компания» ӨСК» АҚ



АО «КСЖ «Государственная
аннуитетная компания»

**«Мемлекеттік аннуитеттік компания»
өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ
Директорлар кеңесінің
2017 жылғы 21 желтоқсандағы
№47 шешімімен бекітілген**

**Қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым
оқиғалардан ерікті сақтандыру қағидалары**

Бірінші басылым

	"Мемлекеттік аннуитеттік компания" Өмірді сақтандыру компаниясы " АҚ		Күні: «__» _____ 2017 ж.	Басылым: бірінші
	Қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан ерікті сақтандыру қағидалары			Бет. 2 из 16

Мазмұны

1	Жалпы ережелер	3
2	Осы Қағидаларда пайдаланылатын негізгі ұғымдар	3
3	Қызметкерді жазатайым оқиғалардан ерікті сақтандыру шартын жасасу тәртібі, қолданылу мерзімі және орны	4
4	Сақтандыру жағдайы	6
5	Сақтандыру сомасы. Сақтандыру сыйлықақысы	7
6	Сақтандырушының, Сақтанушының, Пайда алушының құқықтары мен міндеттері	7
7	Сақтандыру жағдайының басталуын және шығындар мөлшерін растайтын құжаттардың тізбесі	9
8	Сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру тәртібі мен талаптары	10
9	Қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан ерікті сақтандыру шартының тоқтатылуы	13
10	Ерікті аннуитеттік сақтандыру шартын жасасу тәртібі	13
11	Жұмыскерді кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесін 5-29%-дан бастап қоса алғанда белгілеуге куәландыру тәртібі	14
12	Дауларды шешу	14
13	Қосымша шарттар	15
14	Келісу кестесі	15

	"Мемлекеттік аннуитеттік компания" Өмірді сақтандыру компаниясы " АҚ		Күні: «__» _____ 2017 ж.	Басылым: бірінші
	Қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан ерікті сақтандыру қағидалары			Бет. 3 из 16

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан ерікті сақтандыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әр – заң), басқа да нормативтік құқықтық актілерге сәйкес әзірленді Қазақстан Республикасының.

2. Осы Қағидалар қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан ерікті сақтандыру шартын (бұдан әрі – қызметкерді жазатайым оқиғалардан ерікті сақтандыру шарты) және ерікті аннуитеттік сақтандыру шартын (бұдан әрі – аннуитет шарты) жасасу тәртібі мен талаптарын айқындайды.

2-тарау. Осы Қағидаларда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

3. Осы Қағидаларда мынадай терминдер мен олардың анықтамалары пайдаланылады:

1) Пайда алушы – осы Қағидаларға сәйкес сақтандыру төлемін алушы болып табылатын тұлға;

2) Қызметкерді жазатайым оқиғалардан ерікті сақтандыру шарты – еңбек (қызметтік) міндеттерін орындау кезінде өмірі мен денсаулығына зиян келтірілуі мүмкін қызметкердің пайдасына Сақтанушы мен Сақтандырушы арасында жасалатын шарт;

3) Ерікті аннуитеттік сақтандыру шарты – Сақтандырушы сақтандыру төлемін шартта белгіленген мерзім ішінде пайда алушының пайдасына мерзімді төлемдер түрінде жүзеге асыруға міндетті болатын сақтандыру шарты;

4) Сақтандырылушы – Сақтанушының қызметкері болып табылатын, жұмыс берушімен еңбек қатынастарында тұратын және жұмысты жеке немесе ұжымдық еңбек шарты бойынша тікелей орындайтын жеке тұлға;

5) Кәсіптік тәуекел сыныбы – экономикалық қызмет түрлері бойынша қалыптасқан өндірістік жарақаттану мен кәсіптік сырқаттанушылық деңгейі;

6) Жазатайым оқиға – өзінің еңбек (қызметтік) міндеттерін немесе жұмыс берушінің тапсырмаларын орындауы кезінде өндірістік жарақаттану орын алған немесе жұмыскерге кәсіптік еңбек ету қабілетінен 5-тен 29%-ды қоса алғанға дейін белгілеуге әкеп соқтырған зиянды және (немесе) қауіпті өндірістік фактордың жұмыскерге әсер етуі;

7) Сақтандыру жағдайы – зиянды және (немесе) қауіпті өндірістік фактордың әсер етуі нәтижесінде жұмыскер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде болған, соның салдарынан өндірістік жарақат алған немесе жұмыскерге кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесін белгілеуге әкеп соққан кәсіптік аурудың дамуына әкеп соққан жазатайым оқиға;

	"Мемлекеттік аннуитеттік компания" Өмірді сақтандыру компаниясы " АҚ		Күні: «__» _____ 2017 ж.	Басылым: бірінші
	Қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан ерікті сақтандыру қағидалары			Бет. 4 из 16

8) Сақтандыру объектісі – өзіне кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесін 5-тен 29%-ды қоса алғанға дейін белгілеуге әкеп соққан жазатайым оқиға нәтижесінде өмірі мен денсаулығына зиян келтірілген қызметкердің мүлкітік мүддесі;

9) Қызметкерді жазатайым оқиғалардан ерікті сақтандыру субъектілері: Сақтанушы, Сақтандырушы, Пайда алушы;

10) Кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айырылудың 5-тен бастап 29%-ды қоса алғанға дейінгі дәрежесі – қызметкердің еңбек (қызметтік) міндеттерін орындау қабілетінің төмендеу деңгейі, егер зардап шеккен қызметкерге біліктілігінің орташа немесе болмашы төмендеуімен, не орындалатын жұмыс көлемінің азаюымен кәсіби қызметке қарсы көрсетілім болмаған жағдайда немесе егер оның кәсіби қызметін орындау бұрынғыға қарағанда көбірек күш салуды талап етсе және (немесе) организм функцияларының шамалы білінетін бұзылуы салдарынан қауіпті және (немесе) зиянды өндірістік фактордың әсерін азайумен кәсіптік аурулар кезінде белгіленеді;

11) Сақтандыру сыйлықақысы – Сақтандырушы Сақтанушының Пайда алушыға қызметкерді жазатайым оқиғалардан ерікті сақтандыру шартында айқындалған мөлшерде сақтандыру төлемін жүргізу міндеттемесін қабылдағаны үшін сақтандырушыға төлеуге міндетті ақша сомасы;

12) Сақтандыру сомасы – сақтандыру объектісі сақтандырылған және сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандырушы жауапкершілігінің шекті көлемін білдіретін ақша сомасы;

13) Сақтандыру төлемі – сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандырушы Пайда алушыға сақтандыру сомасы шегінде төлейтін ақша сомасы;

14) Сақтандырушы – Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының аумағында аннуитеттік сақтандыру сыныбы және сақтандырудың осы түрі бойынша «өмірді сақтандыру» саласында сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензия алған заңды тұлға.

Осы Қағидаларға қатысты сақтандырушы – «Мемлекеттік аннуитеттік компания» өмірді сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамы

15) Сақтанушы – қызметкерді жазатайым оқиғалардан ерікті сақтандыру шартын жасасқан жұмыс беруші.

3-тарау. Қызметкерді жазатайым оқиғалардан ерікті сақтандыру шартын жасасу тәртібі, оның қолданылу мерзімі мен орны

4. Қызметкерді жазатайым оқиғалардан ерікті сақтандыру Заңға, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне және осы Қағидаларға сәйкес еңбек (қызметтік) міндеттерін орындау кезінде өмірі мен денсаулығына зиян келтірілуі мүмкін қызметкердің пайдасына Сақтанушы мен Сақтандырушы арасында жасалатын шарт негізінде жүзеге асырылады.

5. Қызметкерді жазатайым оқиғалардан ерікті сақтандыру шарты жазбаша нысанда жасалады. Қызметкерді жазатайым оқиғалардан ерікті сақтандыру шартының жазбаша нысанын сақтамау оның жарамсыздығына әкеп соғады.

	"Мемлекеттік аннуитеттік компания" Өмірді сақтандыру компаниясы "АҚ"		Күні: «__» _____ 2017 ж.	Басылым: бірінші
	Қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан ерікті сақтандыру қағидалары			Бет. 5 из 16

6. Қызметкерлерді жазатайым оқиғалардан ерікті сақтандыру шартына Басқарма Төрағасы немесе сенімхат негізінде Сақтандырушының атынан қол қоюға уәкілетті тұлға қол қоюға құқылы. Қызметкерді жазатайым оқиғалардан ерікті сақтандыру туралы басқа адамдар қол қойған шарт жарамсыз деп есептеледі.

7. Қызметкерді жазатайым оқиғалардан ерікті сақтандыру шарты Сақтанушы Сақтандырушы белгілеген нысан бойынша Сақтандырушыға ұсынған өтініш негізінде, қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны ерікті сақтандыру шарттарын жасасу рәсіміне сәйкес қажетті құжаттарды қоса бере отырып жасалады.

8. Кәсіптік аурудың дамуына әкеп соғатын зиянды және (немесе) қауіпті өндірістік фактор болған кезде қызметкерді жазатайым оқиғалардан ерікті сақтандыру шартын жасасуға арналған өтінішке Сақтанушыға қажет болған кезде қызметкерді жазатайым оқиғалардан ерікті сақтандыру шартын жасасу алдындағы соңғы екі жылда жұмыскерлерге жүргізілген міндетті кәсіптік (медициналық) тексеріп-қарау нәтижелерін ұсынуға міндетті.

9. Қызметкерді жазатайым оқиғалардан ерікті сақтандыру шартында мыналарды қамтуға тиіс:

- 1) Сақтандырушының атауы, орналасқан жері және банктік деректемелері;
 - 2) Сақтанушының (егер ол жеке тұлға болып табылса) тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) және тұрғылықты жері немесе оның атауы, орналасқан жері және банктік деректемелері (егер ол заңды тұлға болып табылса);
 - 3) сақтандыру объектісін көрсету;
 - 4) сақтандыру жағдайын көрсету;
 - 5) сақтандыру сомасының мөлшері (аннуитеттік сақтандыру шарттарын қоспағанда) және сақтандыру төлемін жүзеге асыру тәртібі мен мерзімдері;
 - 6) сақтандыру сыйлықақысының мөлшері, оларды төлеу тәртібі мен мерзімдері.
- Сақтанушыдан өзгеше қызметті жүзеге асыратын филиал (филиалдар) сақтанушыда болған кезде сақтандыру сыйлықақысының мөлшері қызметкерді жазатайым оқиғалардан ерікті сақтандырудың бір шарты шеңберінде өзі (өздері) жүзеге асыратын экономикалық қызмет түріне сәйкес кәсіптік тәуекел сыныбы көрсетіле отырып, Сақтанушы және оның филиалы (филиалдары) бойынша жеке белгіленеді;
- 7) Шарттың жасалған күні және қолданылу мерзімі;
 - 8) егер олар сақтандыру қатынасына қатысушылар болып табылса, Сақтандырылушы және Пайда алушы туралы нұсқаулар;
 - 9) Шарттың (сақтандыру полисінің) нөмірі, сериясы;
 - 10) Шарт талаптарына өзгерістер енгізу жағдайлары мен тәртібі;
 - 11) Сақтанушыны немесе Сақтандырылушыны сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті жетіспейтін құжаттар туралы хабардар ету мерзімдері;
 - 12) сақтандыру сомасы валютасының, сақтандыру төлемінің және сақтандыру сыйлықақысының түрі;
 - 13) Сақтанушының сәйкестендіру нөмірін, резиденттік белгісін және экономика

	"Мемлекеттік аннуитеттік компания" Өмірді сақтандыру компаниясы " АҚ		Күні: «__» _____ 2017 ж.	Басылым: бірінші
	Қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан ерікті сақтандыру қағидалары			Бет. 6 из 16

секторын көрсету.

10. Тараптардың келісімі бойынша қызметкерді жазатайым оқиғалардан ерікті сақтандыру шартына өзге де талаптар енгізілуі мүмкін.

11. Қызметкерді жазатайым оқиғалардан ерікті сақтандыру шарты Қазақстан Республикасының аумағында қолданылады.

12. Қызметкерді жазатайым оқиғалардан ерікті сақтандыру шарты, егер бұл шартта көзделсе, он екі ай мерзімге немесе өзге мерзімге жасалады. Бұл ретте Сақтанушы қызметін он екі айдан аз мерзімде жүзеге асырған жағдайда қызметкерді жазатайым оқиғалардан ерікті сақтандыру шарты осы қызметті жүзеге асыру мерзіміне жасалады.

13. Қызметкерді жазатайым оқиғалардан ерікті сақтандыру шарты күшіне енеді және ол бойынша сақтандыру қорғауы сақтандыру сыйлықақысы төленген күннен кейінгі күннен бастап қолданыла бастайды.

14. Қызметкерді жазатайым оқиғалардан ерікті сақтандыру шарты сақтандырудың бүкіл мерзімі ішінде қолданылады және Сақтандырушы сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасы мөлшерінде сақтандыру төлемін (сақтандыру төлемдерін) жүзеге асырғаннан кейін өз қолданысын тоқтатады.

4-тарау. Сақтандыру жағдайы

15. Қызметкерді жазатайым оқиғалардан ерікті сақтандыру шарты бойынша сақтандыру жағдайы:

1) жұмыс уақыты басталар алдында немесе аяқталғаннан кейін жұмыс орнын, өндіріс құралдарын, жеке қорғану құралдарын дайындау және ретке келтіру және басқа да іс-әрекеттер кезінде;

2) жұмыс орнында жұмыс уақыты ішінде, қызметі қызмет көрсету объектілері арасында жүріп-тұрумен байланысты жұмыскер бара жатқан жолда, оның ішінде Сақтанушының тапсырмасы бойынша бара жатқан жолда, сондай-ақ еңбек міндеттерін орындау кезінде іссапар уақытында;

3) Сақтанушы ұсынған көлік құралында жұмысты орындау орнына немесе жұмыстан келе жатқанда;

4) Сақтанушының оны қызметтік мақсаттарда пайдалану құқығына жазбаша келісімі болған кезде жеке көлік құралында;

5) Сақтанушының мүддесі үшін өз бастамасы бойынша іс-әрекеттер жасаған кезде;

6) Сақтанушы ұсынған көлік құралында жинау (вахта кезеңінде тұру) орнынан жұмысқа немесе кері вахталық әдіспен жұмыс істейтін қызметкерлердің жүру жолында орын алған жазатайым оқиғалар болып табылады.

16. Жазатайым оқиға Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайда жазатайым оқиға туралы актімен және арнайы тергеп-тексеру актісімен расталуға тиіс.

	"Мемлекеттік аннуитеттік компания" Өмірді сақтандыру компаниясы " АҚ		Күні: «__» _____ 2017 ж.	Басылым: бірінші
	Қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан ерікті сақтандыру қағидалары			Бет. 7 из 16

5-тарау. Сақтандыру сомасы. Сақтандыру сыйлықақысы

17. Сақтандыру сомасы тараптардың келісімі бойынша қызметкерді жазатайым оқиғалардан ерікті сақтандыру шартымен айқындалады.

18. Әрбір жүзеге асырылған сақтандыру төлемімен (сақтандыру төлемдерімен) сақтандыру сомасының мөлшері азайтылады.

19. Қызметкерді жазатайым оқиғалардан ерікті сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысы сақтандыру сомасына көбейтілген шығындардың бұрынғы статистикасына сәйкес Н МАк 718 Андеррайтинг жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес айқындалған андеррайтингтік жүктемені ескере отырып, Қоғам актуарийі бекіткен сақтандыру тарифтері негізінде тараптардың келісімімен айқындалады.

20. Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын төлеуді қызметкерді жазатайым оқиғалардан ерікті сақтандыру шартында көзделген тәртіппен және мерзімде бір рет немесе бөліп-бөліп жүргізеді. Егер қызметкерді жазатайым оқиғалардан ерікті сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, онда кезекті сақтандыру жарнасын уақтылы төлемегені үшін Сақтандырушының Сақтанушыдан Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде белгіленген тәртіппен және мөлшерде тұрақсыздық айыбын өндіріп алуға құқығы бар.

21. Сақтандырушының банктік шотына ақшалай қаражат түскен күн сақтандыру сыйлықақысын төлеу күні болып есептеледі.

6-тарау. Сақтандырушының, Сақтанушының, Пайда алушының құқықтары мен міндеттері

22. Сақтандырушы:

- 1) сақтандыру жағдайларын тексеруге қатысуға;
- 2) уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінің қызметкерді куәландыруы (қайта куәландыруы) кезінде қатысуға;
- 3) сақтандыру жағдайлары жөніндегі ақпаратты тексеруге және қажет болған кезде тиісті уәкілетті органдарға сұрау салулар жіберуге;
- 4) сақтандыру тәуекелін бағалау үшін Сақтанушының объектілеріне тексеру жүргізуге;
- 5) осы Қағидалардың 42-44-тармақтарында көрсетілген және Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде көзделген жағдайларда сақтандыру төлемінен бас тартуға;
- 6) өндірістегі жазатайым оқиға/сақтандыру жағдайларының алдын алу жөнінде ұсынымдар беруге;
- 7) сақтандыру тәуекелін бағалау үшін тәуелсіз сарапшыны тартуға;
- 8) сақтандыру объектісіне мониторинг жүргізуге;
- 9) зиян келтірген адамға кері талап қоюға құқылы.

	"Мемлекеттік аннуитеттік компания" Өмірді сақтандыру компаниясы " АҚ		Күні: «__» _____ 2017 ж.	Басылым: бірінші
	Қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан ерікті сақтандыру қағидалары			Бет. 8 из 16

23. Сақтандырушы:

1) Сақтанушыны қызметкерді жазатайым оқиғалардан ерікті сақтандыру шартының талаптарымен таныстыруға және оның Шарттан туындайтын құқықтары мен міндеттерін түсіндіруге;

2) сақтандыру жағдайы басталған кезде қызметкерді жазатайым оқиғалардан ерікті сақтандыру қағидаларына және шартына сәйкес сақтандыру төлемін жүргізуге;

3) өз қызметінің нәтижесінде алынған Сақтанушы және Пайда алушы туралы мәліметтердің құпиялылығын қамтамасыз етуге;

4) сақтандыру төлемінен бас тарту туралы шешім қабылданған жағдайда Сақтанушыға бас тарту себептерінің уәжді негіздемесін жазбаша нысанда жіберуге міндетті.

24. Сақтанушының:

1) қызметкерді жазатайым оқиғалардан ерікті сақтандыру туралы шарт жасасу үшін Сақтандырушыны таңдауға;

2) сақтандыру жағдайы басталған кезде уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі қызметкерді куәландыруы (қайта куәландыруы) кезінде қатысуға;

3) сот тәртібімен өз құқықтары мен заңды мүдделерін, сондай-ақ пайда алушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға;

4) Сақтандырушыдан қызметкерді жазатайым оқиғалардан ерікті сақтандыру шарттарын, қызметкерді жазатайым оқиғалардан ерікті сақтандыру шарты бойынша құқықтары мен міндеттерін түсіндіруді талап етуге;

5) Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тарту немесе оның мөлшерін азайту туралы шешіміне заңнамада белгіленген тәртіппен дау айтуға құқығы бар.

25. Сақтанушы:

1) Сақтандырушыға сақтандырылатын объект туралы қажетті ақпаратты, оның ішінде қызметкерді жазатайым оқиғалардан ерікті сақтандыру шартын жасасу алдындағы соңғы екі жылда болған жазатайым оқиға/сақтандыру жағдайлары туралы статистиканы беруге;

2) сақтандыру сыйлықақысын қызметкерді ерікті сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде төлеуге және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сақтандыру бойынша барлық қолда бар құжаттардың сақталуын қамтамасыз етуге;

3) жазатайым оқиға/сақтандыру жағдайларының алдын алуға бағытталған іс-шараларды жүзеге асыруға;

4) тез арада, бірақ жазатайым оқиға басталғаны туралы өзіне белгілі болған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей бұл туралы Сақтандырушыны хабардар етуге;

5) уәкілетті орган өкілдерінің және сақтандырушының (қажет болған кезде) міндетті қатысуымен сақтандыру жағдайларының басталу мән-жайларын тергеп-тексеруді қамтамасыз етуге;

	"Мемлекеттік аннуитеттік компания" Өмірді сақтандыру компаниясы " АҚ		Күні: «__» _____ 2017 ж.	Басылым: бірінші
	Қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан ерікті сақтандыру қағидалары			Бет. 9 из 16

6) сақтандыру жағдайының басталуын, сондай-ақ оған келтірілген залалдарды дәлелдеуге;

7) Сақтандырушыға шартта белгіленген мерзімде сақтандыру төлемінің мөлшерін есептеу үшін қажетті құжаттарды ұсынуға;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметкерлерді міндетті кәсіптік (медициналық) қарап-тексеруді уақтылы жүргізуді қамтамасыз етуге;

9) Сақтандырушыға сақтандыру жағдайларының алдындағы қызметкерлердің еңбек жағдайлары туралы құжаттарды ұсынуға;

10) қызметкерлерді өндірістен қол үзбей еңбектің қауіпсіз әдістері мен тәсілдеріне оқытуға;

11) жазатайым оқиғалардың профилактикасы, алдын алу және тергеп-тексеру мәселелері бойынша уәкілетті органның шешімдерін орындауға;

12) өзінің қайта ұйымдастырылуы немесе таратылуы туралы Сақтандырушыға уақтылы хабарлауға;

13) сақтандыру жағдайынан болатын шығындарды азайту шараларын қолдануға;

14) Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталуына жауапты адамға талап қою құқығының өтуін қамтамасыз етуге;

15) «МАК» ӨСК» АҚ қызметкерді жазатайым оқиғалардан ерікті сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасы шегінде, кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесін 5-тен 29% қоса алғанға дейін белгілеуге байланысты қызметкердің пайдасына құжаттарды алған сәттен бастап жеті жұмыс күні ішінде аннуитет шартын жасасуға міндетті.

26. Пайда алушының:

1) осы Қағидаларда және қызметкерді жазатайым оқиғалардан ерікті сақтандыру шартында белгіленген тәртіппен және шарттарда сақтандыру төлемін алуға;

2) Сақтанушыдан және Сақтандырушыдан қызметкерді жазатайым оқиғалардан ерікті сақтандыру шарттары туралы ақпаратты тегін алуға;

3) сақтандыру жағдайын тексеру мәселелері жөніндегі шешімдерге уәкілетті органға немесе сотқа шағым жасауға;

4) уәкілетті органның медициналық-әлеуметтік сараптама мәселелері жөніндегі аумақтық бөлімшесіне жүгінуге;

5) Сақтандырушыны сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабардар етуге;

6) сақтандыру жағдайын тексеруге қатысуға, оның ішінде қызметкерлер өкілдерінің не өзінің сенім білдірген адамының қатысуымен қатысуға құқығы бар.

7-тарау. Сақтандыру жағдайының басталуын және шығындар мөлшерін растайтын құжаттардың тізбесі

27. Сақтандырушыға сақтандыру төлемі туралы талапты Сақтанушы немесе Пайда алушы болып табылатын өзге адам пайда алушының тұрғылықты жерін,

	"Мемлекеттік аннуитеттік компания" Өмірді сақтандыру компаниясы " АҚ		Күні: «__» _____ 2017 ж.	Басылым: бірінші
	Қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан ерікті сақтандыру қағидалары			Бет. 10 из 16

байланыс телефондарын, банктік деректемелерін, сақтандыру төлемін алу тәртібін көрсете отырып, жазбаша нысанда сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттарды қоса бере отырып, банктік шотқа аудару арқылы ұсынады.

28. Кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесі 5-29%-ды қоса алғанға дейін белгіленген жағдайда сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы өтінішке мынадай құжаттар қоса беріледі:

- жазатайым оқиға туралы акт;
- зардап шеккен қызметкердің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінің кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айырылуды белгілеу туралы анықтамасының көшірмесі;
- уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінің көмек пен күтімнің қосымша түрлеріне мұқтаждығы туралы анықтамасының көшірмесі;
- емделуге нақты жұмсалған шығыстарды растайтын құжаттар (шот-фактура, кассалық чек және басқалар);
- кәсіптік патология саласында мамандандырылған медициналық және сараптамалық көмек көрсетуді жүзеге асыратын денсаулық сақтау ұйымы берген кәсіптік аурудың бар-жоғын растайтын құжаттың көшірмесі;
- жұмыс беруші куәландырған, зардап шеккен қызметкердің жұмыс істеген, бірақ он екі айдан аспайтын кезеңдегі жалақысының мөлшерін растайтын құжаттың көшірмесі;
- Сақтанушының сақтандыру жағдайы басталған кезде шығындарды болдырмау немесе азайту мақсатында шеккен шығыстарын, олар болған кезде растайтын құжаттар.

29. Құжаттарды қабылдаған Сақтандырушы өтініш беруші ұсынған құжаттардың толық тізбесін және оларды қабылдау күнін көрсете отырып, екі данада анықтама жасауға міндетті. Анықтаманың бір данасы өтініш берушіге беріледі, өтініш берушінің оны алғаны туралы белгісі бар екінші данасы Сақтандырушыда қалады.

8-тарау. Сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру тәртібі мен талаптары

30. Қызметкердің өмірі мен денсаулығына келтірілген зиян оған кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесін 5-29%-ды қоса алғанға дейін белгілеуге байланысты зиянның материалдық көрінісін қамтиды.

31. Қызметкердің кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесі 5-29%-ды қоса алғанға дейін белгіленген жағдайда, оның өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянның мөлшері осы Қағидаларға сәйкес ұсынылған құжаттардың негізінде айқындалады.

32. Кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесін 5-29%-ды қоса алғанға дейін белгілеуге байланысты қызметкердің табысты (кірісті) жоғалтуына қатысты зиянды өтеу ретінде тиесілі сақтандыру төлемі кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесін белгілеу не ұзарту (қайта куәландыру) мерзіміне

	"Мемлекеттік аннуитеттік компания" Өмірді сақтандыру компаниясы " АҚ		Күні: «__» _____ 2017 ж.	Басылым: бірінші
	Қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан ерікті сақтандыру қағидалары			Бет. 11 из 16

тең мерзім ішінде қызметкердің пайдасына аннуитеттік төлемдер түрінде жүзеге асырылады.

Бұл ретте, бірінші аннуитеттік төлем аннуитет шартына қол қойылған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

33. Қызметкердің кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесі белгіленген жағдайда оның денсаулығының зақымдануынан туындаған қосымша шығыстарды өтеу осы Қағидаларда белгіленген осы шығыстарды растайтын құжаттардың негізінде жүзеге асырылады. Бұл ретте Сақтандырушы Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы заңнамасына сәйкес тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлеміне кіретін шығыстарды өтеуге жатпайды.

34. Денсаулықтың зақымдануынан туындаған қосымша шығыстарды өтеу жөніндегі сақтандыру төлемдерін Сақтандырушы растаушы құжаттарды алған кезден бастап жеті жұмыс күні ішінде шарттың қолданылу кезеңінде осы Қағидалардың 35-тармағында белгіленген мөлшер шегінде жүзеге асырады.

35. Денсаулықтың зақымдануынан туындаған қосымша шығыстарды өтеу жөніндегі сақтандыру төлемдерінің жиынтық мөлшері кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айырылудың алғаш рет белгіленген дәрежесі күніне республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген екі жүз елу айлық есептік көрсеткіштен аспауға тиіс.

36. Сақтандырушы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінің кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесін белгілеу туралы анықтамасында көрсетілген кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айырылудың бастапқы белгіленген тиісті дәрежесі бойынша денсаулықтың зақымдануынан туындаған қосымша шығыстарды өтеуді жүзеге асырады.

37. Бұл ретте, кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айырылудың бастапқы белгіленген тиісті дәрежесі бойынша ұзартылған (қайта куәландырылған) жағдайда Сақтандырушы шығыстарды осы Қағидалардың 35-тармағында көзделген жиынтық мөлшерде өтейді.

38. Сақтандыру шарты бойынша осыған құқығы бар жеке тұлға сақтандыру төлемін алушы болып табылады.

39. Егер Қағидаларда көзделген сақтандыру төлемінің (сақтандыру төлемдерінің) мөлшері қызметкерді жазатайым оқиғалардан ерікті сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасының мөлшерінен асса, Сақтанушы Пайда алушыға айырманы төлейді .

40. Сақтандыру төлемін аударуға байланысты шығыстар Сақтандырушының есебінен жүргізіледі.

41. Егер сақтандыру жағдайы:

1) қажетті қорғаныс және аса қажеттілік жағдайында жасалған әрекеттерді қоспағанда, Сақтанушының, Сақтандырылушының және (немесе) Пайда алушының сақтандыру жағдайының туындауына бағытталған не оның басталуына ықпал ететін

	"Мемлекеттік аннуитеттік компания" Өмірді сақтандыру компаниясы " АҚ		Күні: «__» _____ 2017 ж.	Басылым: бірінші
	Қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан ерікті сақтандыру қағидалары			Бет. 12 из 16

қасақана іс-әрекеттері;

2) Сақтанушының, Сақтандырылушының және (немесе) Пайда алушының заңнамалық актілерде белгіленген тәртіппен сақтандыру жағдайымен себептік байланыста болатын қасақана қылмыстар немесе әкімшілік құқық бұзушылықтар деп танылған іс-әрекеттері салдарынан орын алса, Сақтандырушы Сақтанушыға сақтандыру төлемінен толық немесе ішінара бас тартуға құқылы.

42. Егер сақтандыру жағдайы:

1) ядролық жарылыстың, радиацияның немесе радиоактивті уланудың әсері;

2) әскери іс-қимылдар;

3) азамат соғысы, түрлі халық толқулары, жаппай тәртіпсіздіктер немесе ереуілдер салдарынан орын алса, Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатылады.

43. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуы үшін мыналар да негіз болуы мүмкін:

1) Сақтанушының Сақтандырушыға сақтандыру объектісі, сақтандыру тәуекелі, сақтандыру жағдайы және оның салдары туралы көрінеу жалған мәліметтер хабарлауы;

2) Сақтанушының сақтандыру жағдайынан болған залалдарды азайту жөнінде шараларды қасақана қолданбауы;

3) Сақтанушының залалды келтіруге кінәлі адамнан мүліктік сақтандыру бойынша шығынның тиісті өтемін алуы;

4) Сақтанушының Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталу мән-жайларын тергеп-тексеруде және оған келтірілген залалдың мөлшерін белгілеуде кедергі келтіруі;

5) Сақтандырушыны сақтандыру жағдайының басталғаны туралы уақтылы хабардар етпеу;

6) Сақтанушының сақтандыру жағдайының басталуына жауапты адамға өзінің талап қою құқығынан бас тартуы, сондай-ақ Сақтандырушыға талап қою құқығының ауысуы үшін қажетті құжаттарды Сақтандырушыға беруден бас тартуы. Егер сақтандыру өтемі төленген болса, Сақтандырушы оның толық немесе ішінара қайтарылуын талап етуге құқылы;

7) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген басқа да жағдайлар.

44. Осы Қағидалардың 43-тармағында көрсетілген негіздерден басқа, тексеру барысында олардың:

1) жұмыскердің функционалдық міндеттеріне кірмейтін және Сақтанушының (жұмыс берушінің) мүддесімен байланысты емес жұмыстарды немесе өзге де әрекеттерді зардап шеккен адам өз бастамасы бойынша орындаған, оның ішінде вахталық әдіспен жұмыс істеу кезінде ауысымаралық демалыс, тынығуға және тамақтануға арналған үзіліс кезеңінде орындаған кезде;

2) алкогольдік масаң күй, зардап шеккен адамның уытты және есірткі заттарды

	"Мемлекеттік аннуитеттік компания" Өмірді сақтандыру компаниясы " АҚ Қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан ерікті сақтандыру қағидалары	Күні: «__» _____ 2017 ж.	Басылым: бірінші Бет. 13 из 16
---	--	---------------------------------	--

(оларға ұқсас заттарды) пайдалануы негізгі себеп болған жағдайда;

3) өз денсаулығына қасақана (қасақана) зиян келтіру нәтижесінде, сондай-ақ зардап шеккен адам қылмыстық құқық бұзушылық жасаған кезде;

4) медициналық қорытындымен расталған өндірістік факторлардың әсерімен байланысты емес зардап шеккен адамның денсаулығының кенеттен нашарлауынан;

5) сақтандыру жағдайы туралы уақтылы хабарламаудан орын алғаны объективті түрде анықталған өндірістік жарақаттар және өндірістегі жұмыскерлердің денсаулығына өзге де зақымданулар сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тарту үшін негіздер болуы мүмкін.

45. Сақтандырушыны осы Қағидаларда көзделген оның заңсыз іс-әрекеттері себептері бойынша Сақтанушы алдындағы сақтандыру жауапкершілігінен босату бір мезгілде Сақтандырушыны Пайда алушыға сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатады.

46. Сақтандыру төлемі туралы немесе сақтандыру төлемінен бас тарту туралы шешімді Сақтандырушы барлық қажетті құжаттарды ұсынған күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде қабылдайды және Сақтанушыға бас тарту себептерінің дәлелді негіздемесімен жазбаша нысанда хабарланады.

9-тарау. Қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан ерікті сақтандыру шартының тоқтатылуы

47. Қызметкерді жазатайым оқиғалардан ерікті сақтандыру шарты мынадай жағдайларда:

1) Шарттың қолданылу мерзімі аяқталған кезде;

2) Сақтандырушы қызметкерді жазатайым оқиғалардан ерікті сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасы мөлшерінде сақтандыру төлемін (сақтандыру төлемдерін) жүзеге асырған жағдайларда өз қолданысын тоқтатады.

10-тарау. Ерікті аннуитеттік сақтандыру шартын жасасу тәртібі және оны тоқтату негізі

48. Қызметкердің кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесі 5-29%-ды қоса алғанға дейін белгіленген жағдайда Сақтанушы осы Қағидалардың талаптарын ескере отырып, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес зиянды өтетуге құқығы бар қызметкердің пайдасына аннуитет шартын жасасуға міндетті.

49. Аннуитет шарты аннуитет шартында белгіленген мөлшерде және мерзімде кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесін 5-29%-ды қоса алғанға дейін белгілеуге байланысты зиянды өтетуге құқығы бар зардап шеккен қызметкердің алуын қамтамасыз ететін талаптарда жасалады.

50. Аннуитет шарты жазбаша нысанда жасалады және оның заңды күшіне ену талаптары шартта көзделетін болады.

51. Сақтандырушының атынан аннуитет шартына Басқарма Төрағасы немесе

	"Мемлекеттік аннуитеттік компания" Өмірді сақтандыру компаниясы " АҚ		Күні: «__» _____ 2017 ж.	Басылым: бірінші
	Қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан ерікті сақтандыру қағидалары			Бет. 14 из 16

сенімхат негізінде Сақтандырушының атынан қол қоюға уәкілетті өзге адам қол қоюға құқылы. Басқа адамдар қол қойған аннуитет шарты жарамсыз болып саналады.

52. Аннуитет шарты Сақтанушы қажетті құжаттар пакетін қоса бере отырып, Сақтандырушы белгілеген нысан бойынша Сақтандырушыға берген өтініш негізінде жасалады.

53. Аннуитет шарты зардап шеккен қызметкердің кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесін белгілеу не оны ұзарту (қайта куәландыру) мерзіміне жасалады.

54. Аннуитет шарты бойынша сақтандыру төлемдері ай сайынғы төлемдермен жүзеге асырылады. Сақтандыру төлемінің мөлшерін есептеу Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының және «Мемлекеттік аннуитеттік компания» өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ ішкі нормативтік құжаттарының талаптарына сәйкес жүргізіледі.

55. Басқа сақтандыру ұйымында сақтандырылған зардап шеккен қызметкерге қатысты жасалатын аннуитет шарты, осы Шарт бойынша сақтандыру сыйлықақысын Сақтанушы төлеуге тиіс.

56. Аннуитет шарты мынадай жағдайларда өз қолданысын тоқтатады:

- 1) Шарттың қолданылу мерзімі аяқталған кезде;
- 2) Пайда алушы қайтыс болған жағдайда;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сақтандыру төлемдерін алу құқығынан айырылған жағдайларда тоқтатылады.

11-тарау. Қызметкерді кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесін 5-29%-дан бастап қоса алғанға дейін белгілеуге куәландыру тәртібі

57. Қызметкердің (қызметкерлердің) кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен бір күннен артық айырылуына әкеп соққан әрбір жазатайым оқиға медициналық қорытындыға сәйкес Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жазатайым оқиға туралы актімен ресімделеді.

58. Қызметкерді еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесін айқындауға куәландыруды уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі Сақтанушының, Сақтандырушының не қызметкердің өтініші бойынша немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот шешімі бойынша жүргізеді. Денсаулық сақтау ұйымының қорытындысы және жазатайым оқиға туралы акт куәландыру үшін негіз болып табылады.

59. Өндірістік жарақат және/немесе кәсіптік ауру нәтижесінде кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесін белгілеуге қызметкерді куәландыру, сондай-ақ көмек пен күтімнің қосымша түрлеріне мұқтаждықты айқындау тәртібін денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекітеді.

60. Кәсіптік аурулардың тізбесін денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекітеді.

	"Мемлекеттік аннуитеттік компания" Өмірді сақтандыру компаниясы " АҚ		Күні: «__» _____ 2017 ж.	Басылым: бірінші
	Қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан ерікті сақтандыру қағидалары			Бет. 15 из 16

12-тарау. Дауларды шешу

61. Осы Қағидаларды орындау бойынша Қызметкерді жазатайым оқиғалардан ерікті сақтандыру субъектілері арасында туындайтын барлық даулар бейбіт келіссөздермен шешіледі. Бейбіт жолмен реттелмеген жағдайда даулар Сақтандырушының орналасқан жері бойынша (Астана қ.) сот тәртібінде шешіледі.

13-тарау. Қосымша шарттар

62. Қызметкерді жазатайым оқиғалардан ерікті сақтандыру шартына және/немесе аннуитет шартына енгізілген барлық өзгерістер мен толықтырулар қосымша келісіммен ресімделеді және оған екі тараптың уәкілетті өкілдері қол қояды.

63. Қызметкерді жазатайым оқиғалардан ерікті сақтандыру шартына және/немесе аннуитет шартына қатысты кез келген хабарламалар, өтініштер, хабарлар, түсініктемелер жазбаша нысанда орындалуға және басқа тарапқа тікелей берілуге немесе оның жөнелтілгенін растауға мүмкіндік беретін тәсілмен жіберілуге тиіс.

63. Тараптардың орналасқан жері немесе тұрғылықты жері өзгерген кезде тараптар Сақтандырушыға адресін хабарлауға міндетті. Олай болмаған жағдайда, Сақтандырушының бұрынғы орналасқан жеріне немесе тұрғылықты жеріне жіберілген кез келген хабарламасы орындалған (жарамды) болып саналады.

64. Қызметкерді жазатайым оқиғалардан ерікті сақтандыру шарты және/немесе аннуитет шарты жоғалған кезде Сақтанушы Сақтандырушыға хабарлауға және телнұсқа алуға өтініш жазуға міндетті. Сақтандырушы тиісті телнұсқаны бергеннен кейін қызметкерді жазатайым оқиғалардан ерікті сақтандыру шарты және/немесе аннуитет шарты жарамсыз болады.

	"Мемлекеттік аннуитеттік компания" Өмірді сақтандыру компаниясы " АҚ		Күні: «_» _____ 2017 ж.	Басылым: бірінші
	Қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан ерікті сақтандыру қағидалары			Бет. 16 из 16

Келісу кестесі

Көшірмесі	Код	Басылым	Өзектендіру үшін жауапты	
		бірінші	Акажанов А.А.	
			күні	қолы
			04.09.2017ж	

Мерзім норм.	Келісуге түскен күні	Т.А.Ө.	Келісу нәтижесі			
			Ескертулермен қайтарылды		Мақұлданды	
			күні	қолы	күні	қолы
3 күн		Маканова А.К.			05.09	
3 күн		Сагиндыкова Н.Е.			05.09	
3 күн		Тримова Ж.Б.			05.09	
3 күн		Бексеитова А.Т.			05.09	
3 күн		Иралин Д.Ш.			05.09	
3 күн		Калиев В.М.			05.09	
3 күн		Нургазинов А.А.			05.09	
3 күн		Мухамедов А.М.			05.09	
3 күн		Жунус А.Ш.			05.09	
3 күн		Манасова Ж.А.			05.09	
3 күн		Тулегенова- Нурышева А.Б.			05.09	
3 күн		Макашева А.Г.			05.09	
3 күн		Кульманова А.М.			05.09	
3 күн		Сапаров М.М.			05.09	